

**Халықты және өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандарды хабарландыру, білімді насихаттау, оқыту ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 желтоқсандағы N 1327 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 12 қазандағы № 821 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Халықты және өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандарды хабарландыру, білімді насихаттау, оқыту ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 19 желтоқсандағы

N 1327 қаулысымен бекітілген

**Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "өртке қарсы қызмет органдары", "Өртке қарсы қызмет органдары", "өртке қарсы қызмет аумақтық органдарының", "өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздер "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет аумақтық органдарының", "мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

**Халықты және өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандарды хабарландыру, білімді насихаттау, оқыту ЕРЕЖЕСІ**

**Ескерту. Мәтіндегі "Мемлекеттік" деген сөз алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.**

1. Осы Ереже Халықты және өрт қауіпсіздігі саласындағы мамандарды хабарландыру, білімді насихаттау, оқыту тәртібін белгілейді.

2. Ұйымдар қызметінің өрттердің алдын алу және оларды жою жөніндегі қауіпсіздікке, салдарларға, шараларға қажетті өрт қаупінің дәрежесі мен ықтимал дәрежесі туралы ақпарат ашық, жариялық болып табылады және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. Халыққа қауіп төндіретін өрт туындаған кезде мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары 24 сағаттың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын хабардар етеді, соңғысы болған оқиға туралы ресми хабарды жариялайды не эфирге шығарады.

4. Өрт ошағына жақын аудандарға қауіп төнген жағдайда, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, өрт туралы ақпарат жинауды ұйымдастырады және бұл туралы 10 сағаттан кешіктірмей халыққа хабардар етеді.

5. Ұйымдар қызметкерлерді өрттің туындау қаупі немесе туындағаны туралы хабарландырады, сондай-ақ өрттің туындау қаупі немесе туындау сәтінен бастап тез арада мемлекеттік өртке қарсы қызметтің аумақтық бөлімшелеріне факті туралы белгіленген тәртіппен хабарлайды.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

6. Өрт қауіпсіздігі саласындағы білімді насихаттауды өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері, қоғамдық өрт бірлестіктері жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30 N 662 қаулысымен.**

7. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары бұқаралық ақпарат құралдарымен, тиісті жергілікті атқарушы органдардың келісімі бойынша жыл сайын өрт қауіпсіздігі ережелерін насихаттау жөнінде жоспарлар әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

8. Өрт қауіпсіздігі ережелерін насихаттау жөніндегі материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға байланысты шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат ш е г і н д е жү р г і з і л е д і .

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 03.10.2013 N 1048 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

9. Жергілікті атқарушы органдар шаруашылық жүргізуші объектілердің және елді мекендердің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдаған кезде мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қызметкерлері бұқаралық ақпарат құралдары, кәсіпорындардағы, оқу орындарындағы, МПК және басқа да ұйымдардағы өрт қауіпсіздігі бұрыштары арқылы халықты хабардар ету

жөніндегі тиісті жұмысты жүргізеді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

10. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жыл сайын жылыту маусымы басталар алдында аймақтар халқымен өрт қауіпсіздігі жөнінде айлық өткізеді.

11. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес өрт-техникалық орталықтардың базасында өрт саласындағы білімді және мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жетістіктерін насихаттау үшін экскурсиялар, конкурстар өткізеді, мектепке дейінгі, жалпы орта, бастауыш, орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарын, халықты, журналистерді, жазушыларды, суретшілерді тарта отырып, көпшілік іс-шараларын ұйымдастырады.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

12. Өрт қауіпсіздігі саласындағы қызмет көрсетулер, оның ішінде халықты оқыту мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарды қоспағанда, шарттық негізінде орындалады және көрсетіледі.

13. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қоғамдық өрт бірлестіктеріне өртке қарсы плакаттар, альбомдар, открыткалар, буклеттер әзірлеуде және шығаруда, өртке қарсы экспозицияларды, стендтерді, витриналарды, және кабинеттерді (бұрыштарды) жабдықтауда әдістемелік көмек көрсетеді, қаржыландыру сол бірлестіктердің есебінен жүргізіледі.

14. Жоғары, орта, бастауыш кәсіптік, жалпы орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында өрт қауіпсіздігі шараларына міндетті оқыту арнайы бағдарламалар бойынша оқу жоспарында сағаттардың сараланған санымен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

15. Ұйымдардың қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту және өртке қарсы насихат жүргізу заңнамамен ұйымдардың бірінші басшыларына жүктелген.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.**

16. Объектілердегі өрт қауіпсіздігіне жауап беретін мамандарды (инженерлік-техникалық қызметкерді), кәсіпкерлер мен азаматтарды өрт қауіпсіздігі саласында оқыту:

кәсіптік даярлау мектептері мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет аумақтық органдарының оқу орталықтарында;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі жанындағы

біліктілікті арттыру курстарында жүргізіледі.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.**

17. Халықты тұрғылықты жері бойынша өрт қауіпсіздігі ережелеріне оқытуды қажеттілігіне қарай және жедел жағдайды ескере отырып, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары жиналыстарда, тұрғындардың жиындарында жүргізеді. Мемлекеттік инспекторлар қызмет көрсетілетін аумақта халықты өрт қауіпсіздігі шараларына өтеусіз негізде оқытуға (лекциялар, семинарлар, сұхбаттар, викториналар, тақырыптық кештер және т.б. өткізуге) қатысады.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 662 қаулысымен.**